Қазақстан жолы

# АЙШЫҚТЫ ШАРАЛАРҒА ТОЛЫ АПТАЛЫҚ

**Бостандық – бар бақыттың бастауы. Демек ұлт тәуелсіздігін ұлықтаудың жөні бөлек. Сол себепті де Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы еліміздің бар аймағында кеңінен атап өтіліп, жоғары оқу орындарында да көптеген игі шараларды өткізу қолға алынды. Осы ортақ іске біздің М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің де қосқан үлесі қомақты.**



Оқу орнының құрамындағы факультеттер мен орталықтарда оң бастамалар жүзеге асып, айшықты апталықтар ұйымдастырылды. Айталық, оқу орнымыздағы «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының ұйымдастыруымен өткен «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» атты апталықтың ашылу салтанатына Жоғары мектеп және факультеттердің оқытушы-профессорлар құрамы, магистранттар, докторанттар, студент жастар онлайн форматта қатысты. Апталықты тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Г.Жанысбекова ашып беріп, әрбір іс-шараның мән-маңызына тоқталып өтті.

Апталық аясында орталықта «Тәуелсіздік жетістіктері» атты студенттік жастар форумы ұйымдастырылды. Елбасымыз Н. Назарбаевтың та кейінгі толқынды ұдайы қолдап-қуаттап: «Тәуелсіздік рухымен өсіп келе жатқан бүгінгі жас буын – біздің ертеңгі үмітіміз, сенімді тірегіміз»,- деп жастарға зор үміт артқаны белгілі. Бұл жастар форумының да мақсаты Тәуелсіз елге тұтқа болған Елбасы еңбегін мейлінше талдап-таразылау болатын. Келелі кеңестегі модераторлық қызметті орталық басшысы т.ғ.к., доцент Г.Жанысбекова өз міндетіне алса, «Студенттік Парламент» ұйымынан: Арыстан Аружан, Досымхан Даяна; «Жас Отан» Жастар қанатынан: Сайдуллаев Абылайхан, Нұрмаханбет Асылай; «Ақиқат» жастар пікірсайыс орталығынан: Тұрдыбаев Бектас; «Достық» клубынан: Нурланқызы Дана, т.б. баяндамалары тыңдалды. Сондай-ақ Елбасының «Елдіктің жеті тұғыры» атты үндеуін де студент жастар жан-жақты насихаттап, талқыға салды.

Одан бөлек апталық шеңберінде факультет және жоғары мектептер студенттік құрама командаларының «Мегаполис Шымкент – Тәуелсіздік жемісі» атты квесті де жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Расында да университет студенттерін жаңа қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеп, жас талап зерттеушілерді үшінші мегаполистің мәдени-тарихи мұрасын зерттеуге тартуды көздеген зияткерлік сайыста үміткер командалар бақ сынып, нәтижесінде «Филология» факультетінің «Тұран» командасы 1-орынға табан тіресе, «Басқару және бизнес» жоғары мектебінің «TRAVEL GROUP» командасы мен Заң» факультетінің «Тамыры терең нұрлы мекен» командасы 2-орынды иеленді. Ал үшінші орынға «Ақпараттық технологиялар және энергетика» жоғары мектебінің «Болашақ», «Тарих және педагогика» факультетінің «Алғырлар», «Тоқыма және тамақ инженериясы» жоғары мектебінің «Тәуелсіздік қырандары» командалары лайық деп танылды. Сонымен қатар апталықта «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл: қарыштап даму, бейбітшілік пен келісім тұғыры» атты дөңгелек үстелі де сәтті өтті. Онлайн форматта өткен бұл тағылымды шараны да «Рухани жаңғыру ҚХА» орталығының басшысы Г. Жанысбекова ашып беріп, «Басқару және Бизнес» факультетінің деканы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент М.Сейдахметов, «Мемлекеттік құқықтық пәндер» кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты Е. Нұртазин, «Ветеринарлық медицина» кафедрасының аға оқытушысы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты К. Байжанов т.б. ғалымдар қатысып, Елбасы ұсынған «Елдіктің жеті тұғыры» қызу талқыланды. Аға буын өкілдерінің ақыл-кеңесін тыңдап, берері көп басқосудан қанатанып шыққан жастардың да рухани толысып қайтқаны анық.

Сонымен бірге апталық форумда «Ұлы тұлғалар жасаушы университет», «Креативті басшы», «Кафедраның негізін қалаған тұлға», «Өзге этнос өкілінің үлесі» атты бейне-фильмдер байқауы өткізіліп жеңімпаздар марапатталды,

Тарқата айтқанда, апталық айшықты шараларға толы болды. Ұлт тәуелсіздігін ұлықтайтын мұндай мазмұнды шаралардың алдағы күнде де өз жалғасын таба беретіні айқын.

**А.ҮСІПОВ,**
**М. Әуезов атындағы ОҚУ, Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық орталығының аға оқытушысы.**